апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 08/444
26 февраля 2016 года

газета издается с 26.06.2004 года

# СОСТОЯЛАСЬ ОТЧЕТНАЯ ВСТРЕЧА АКИМА ОБЛАСТИ

**19 февраля в Караганде во Дворце культуры горняков состоялась отчетная встреча акима области Нурмухамбета Абдибекова с населением.**




Помимо собравшихся в зале ДКГ, при помощи видеоконференцсвязи во встрече смогли принять участие жители отдаленных городов и сельских районов области. Жители города Приозерск также приняли участие во встрече, проведение которой было организовано в концертном зале городского Центра детей и юношества «Достык», где были установлены специальные экраны и микрофоны видеоконференцсвязи.

Отчетная встреча акима области получилась информационно-насыщенной и длилась около 3-х часов. Н.Абдибеков выступил с докладом о социально-экономическом развитии региона за 2015 год и о задачах на 2016 год. В частности, аким области остановился на вопросах развития, в том числе, и нашего города: «В 2015 году в рамках Программы "Развитие регионов" продолжены строительно-монтажные работы на 12 объектах водоснабжения и водоотведения в городах Караганда, Жезказган, Сатпаев, Приозерск и селах Бухар-Жырауского и Улытауского районов… В текущем году будут продолжены работы на двух объектах: реконструкция магистрального водовода №3 в г.Караганды; реконструкция очистных сооружений в г.Приозёрск. Проводимая работа в г.Приозерск позволит не только решить проблему, связанную с износом систем водоснабжения и водоотведения, но также улучшит экологическую ситуацию в регионе. Охват дошкольным воспитанием составил детей от 1 года до 6 лет - 87%, а с 3 до 6 лет – 97,5%. В Караганды и Сарани открыты частные дошкольные организации на 800 мест; - за счет использования свободных площадей в действующих детских садах и строительства новых. Это позволило дополнительно охватить свыше 600 детей дошкольным воспитанием в городах Сатпаев, Балхаш, Каражал, Приозерск, Шахтинск и Бухаржырауском районе».

В конце своего доклада аким области Н.Абдибеков отметил: «Нынешний 2016 год является исторически важным, как для Карагандинской области, которая отметит свое 80-летие, так и для всего Казахстана, ведь в этом году вся страна празднует великий юбилей - 25-летие Независимости. И к этой эпохальной дате мы стремимся подойти с хорошими результатами. Нашей главной задачей является организация работы по осознанию ценностей Независимости, огромного значения преобразований проводимых под руководством Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Нурсултана Абишевича Назарбаева. Новый этап Казахстанского пути – это новые задачи укрепления экономики, повышения благосостояния народа. И все мы - жители области, сплоченные единой целью, внесём свой достойный вклад в дело дальнейшего эффективного развития страны, продолжим путь преобразований, начертанный в Послании "Казахстан: рост, реформы, развитие", приложим все усилия для процветания нашего Отечества».

Затем глава региона ответил на вопросы жителей области.

**Б. Алшынбекулы**



*Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында*

# ҚАЗАҚСТАНДА ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25-ЖЫЛДЫҒЫНА - «25 ЖЫЛ: БІР ЕЛ. БІР ТАҒДЫР» АТТЫ ПАТРИОТТЫҚ ИНТЕРНЕТ-АКЦИЯ БАСТАЛДЫ

18 ақпан күні Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында **«25 жыл: Бір Ел. Бір Тағдыр»** атты Жалпыұлттық акциясы бастау алды.



Интернет-акция Ел Тәуелсіздігінің 25-жылдық мерейтойына арналған. Акция кезінде әлеуметтік желілерді пайдаланушылар 25.el.kz арнайы сервисінің көмегімен бір мезгілде өздерінің аватарларын безендірді.

**«25 жыл: Бір Ел. Бір Тағдыр»** Жалпыұлттық акциясы басталған сәтте 30 мыңнан аса әлеуметтік желілерді пайдаланушылар жеке парақшаларын жаңартқандығын атап өткен жөн.

Баспасөз конференцияның қатысушылары сөз сөйледі. Олар: **Әсет Мұқажанов, Гүлмира Дайрабаева** - жүргізушілер; **Алуа Құсайынова, Айгүл Шернiязова** – акцияның бастамашылары; **Нұрсұлтан Құрманов, Данияр Сүгірәлинов, Кәмшат Қоскелова, Ерлан Көкеев; Маржан Арапбаева; Әділ Ахметов** – шығармашылық қоғамның өкілдері.

Мәскеу, Шаңқай, Лондон, Вашингтон қалаларында «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алып жүрген еліміздің ЖОО-ның белсенді студенттері бейнеконференцбайланыс жүйесі арқылы қосылған болатын.

Акцияға қатысушылар патриоттық стильде аватарларды жаңартуға және жобаға қатысуға шақырды!

**ҚР Президенті жанындағы
Орталық Коммуникациялар Қызметі**

*Легализация*

# НАЧАЛАСЬ ИНВЕНТАРИЗАЦИЯ ЖИЛИЩНОГО ФОНДА ЧАСТНОГО СЕКТОРА

**Заместителем акима города Саденовым Д.Ш. 15 февраля 2016 года проведено совещание по вопросу проведения инвентаризации жилищного фонда частного сектора в районе полуострова города Приозерск, в целях выявления жилищных строений и объектов бизнеса, не зарегистрированных в органах юстиции.**

16 февраля 2016 года проведен инструктаж членов инвентаризационной группы и начата инвентаризация. В состав рабочей группы вошли представители отдела экономики и финансов; отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции; отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства; местной полицейской службы ГОВД; КГП «Управление жилищно-коммунального реформирования».

В первый день проведен обход по улицам Озерная и Новая. В процессе проведения инвентаризации раздаются памятки о порядке проведения легализации.

***Государственно-правовой отдел
аппарата акима города Приозерск***

*Елбасы жолдауы – халықтың қолдауы*

# ЖАСТАР – ЖАҢА БАҒЫТТЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ақуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауында: «Жаңа саясат еліміздің құрылымдық реформаларын одан әрі жүзеге асыруға бағытталатын болады. Қазақстан әлемдік экономиканың бір бөлігі - геосаяси шиеленіс эпицентріне жақын орналасқан ел ретінде әлемдегі процестердің жағымсыз әсерін бастан өткеріп отыр». Тәуелсіз еліміздің тарихында қалатын тағы бір ұлы қадам жасалып, еліміздің әрі қарай қарышты дамуына бағытталған реформаларды жүзеге асыру басталды. Қазақ елі тәуелсіз ел болғалы Елбасымыз айтқандай "ғасырлар бойына татитын жетістіктерге жеттік", әрине бұл шындық. Қазақ елінің мәдениеті мен дәстүрін әлем танып, үлгі боларлық елге айналуда. Біз бүгін – өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табысты мемлекетпіз. Ал көк туымыз болса көк аспанда қалықтап, қазақ елінің қырандай қайсарлығын көрсетіп тұр! Осы мемлекеттің іргетасы – жастар! Жастар ешқашан назардан тыс қалған емес… Себебі, жастар – ел қаруы. Білімді ұрпақтың елін биікке жетелейтіндігі сөзсіз. Сол себепті біздің уайымсыз балалық шағымыз бен жарқын болашағымыз үшін барлық жағдайлар жасалуда. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жолдаудағы көтерген мәселелерін түптеп қолдаймыз! Себебі Жолдауда айқын мақсат, елдің жедел дамуының жоспары, экономика және тіл мәселесі, сыртқы саясаттағы бағыт-бағдар айқын көрсетілгені баршамызға мәлім. Елбасы «Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер» - деп, бізге сенім артып отыр. Ендеше, сол сенімді ақтайық. Аула таңдамайтын жаһандану кезінде ұл-тымыздың жұтылып кетпей, керісінше, сол желмен бірге ілгері жүріп, халықаралық арена төрінен орын алуына өзіміздің үлесімізді қосайық. Елбасының Жолдау бағдарламасындағы тапсырмалардың орындалуына бір атаның баласындай жұмылып, атсалысайық, ағайын!

**Приозерск қаласының
Әділет басқармасы**

# О РАБОТЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СОВЕТА ПРИ ВЕРХОВНОМ СУДЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**23 февраля в г.Астане в Службе центральных коммуникаций при Президенте Республики Казахстан состоялся брифинг по теме: «Итоги первого заседания Международного совета при Верховном Суде Республики Казахстан, созданного в свете реализации Плана Нации «100 конкретных шагов».**

Проведение первого заседания Международного Совета при Верховном Суде (далее - Совет), состоявшееся 22 февраля т.г., является практической реализацией 25-го шага Плана Нации.

В своем выступлении председатель специализированной судебной коллегии Верховного Суда Айгуль Кыдырбаева отметила: «Основная задача Международного совета – это внедрение передовых международных стандартов правосудия в судебно-правовой системе Республики Казахстан, обеспечение совершенствования правового регулирования судебной деятельности и правоприменительной практики судов.

В ходе своего выступления А.Кыдырбаева также рассказала о повестке дня: обсуждение подходов к определению понятия инвестиционных споров, а также проект нового Этического кодекса принципов и правил поведения судей Республики Казахстан.

**Служба Центральных Коммуникаций
при Президенте РК**

САЙЛАУ - 2016 *** ВЫБОРЫ - 2016

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СЕНІМДІ ӨКІЛДЕРІНІҢ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ
# ГРАФИК ВСТРЕЧ КАНДИДАТОВ В ДЕПУТАТЫ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА И ИХ ДОВЕРЕННЫХ ЛИЦ С ИЗБИРАТЕЛЯМИ ПО ГОРОДУ ПРИОЗЕРСК

| р/с № п/п | Тегі, аты, жөні / Ф.И.О | Кездесу өткізілетін орын/ место проведения встречи | Өткізу мерзімі/ Дата проведения | Өткізу уақыты/ Время проведения |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Бейскеев Сагынбек Жанбырбаевич | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 25.02.2016 | 11.00 – 12.00 |
| 2 | Асылтаев Айбек Жанатович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 25.02.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 3 | Абдурахманов Ержан Нурланбекулы | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 25.02.2016 | 16.00 – 17.00 |
| 4 | Аринов Айбын Толеуович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 26.02.2016 | 11.00 – 12.00 |
| 5 | Умарова Лаззат Бауыржановна | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 26.02.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 6 | Шатеков Нуржан Курмансейтович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / ЦДЮТ «Достық» | 26.02.2016 | 16.00 – 17.00 |
| 7 | Трифонова Наталья Викторовна | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 26.02.2016 | 18.00 – 19.00 |
| 8 | Дюсембаев Дулат Орынбасарович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 29.02.2016 | 11.00 – 12.00 |
| 9 | Ахметбеков Нургазы Байжанович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 29.02.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 10 | Кенжебаев Ришат Галиевич | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 29.02.2016 | 16.00 – 17.00 |
| 11 | Зейнегазиев Сейтказы Зейнегазиевич | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 01.03.2016 | 11.00 – 12.00 |
| 12 | Струментов Александр Валентинович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 01.03.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 13 | Чалгымбаев Бауыржан Амирхамзаевич | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 01.03.2016 | 16.00 – 17.00 |
| 14 | Балтышев Ерик Таткенович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 02.03.2016 | 11.00 – 12.00 |
| 15 | Ауесбаева Сымбат Сериковна | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 02.03.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 16 | Жүсіпова Жанар Жармаханкызы | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 02.03.2016 | 16.00 – 17.00 |
| 17 | Абдимуталипов Муса Жалиевич | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 03.03.2016 | 11.00 – 12.00 |
| 18 | Келешова Айсулу | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 03.03.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 19 | Литош Алексей Владимирович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 03.03.2016 | 16.00 – 17.00 |
| 20 | Мондыбаева Гульбаршын Кайроллиновна | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 04.03.2016 | 11.00 – 12.00 |
| 21 | Жумаханов Базархан Мейрамбекович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 04.03.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 22 | Джалгасбаев Жодибай Муйтович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 04.03.2016 | 16.00 – 17.00 |
| 23 | Карабалаев Талгат Алимджанович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 10.03.2016 | 11.00 – 12.00 |
| 24 | Шагиров Нурлан Манапович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 10.03.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 25 | Нарымбетов Муратбай Енсейтбаевич | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 10.03.2016 | 16.00 – 17.00 |
| 26 | Жумаханова Панар Айдархановна | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 11.03.2016 | 11.00 – 12.00 |
| 27 | Бижанова Дурия Сулейменовна | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 11.03.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 28 | Жортаров Амандык | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 11.03.2016 | 16.00 – 17.00 |
| 29 | Попченко Светлана Борисовна | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 14.03.2016 | 11.00 – 12.00 |
| 30 | Рахматулина Диана Асхатовна | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 14.03.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 31 | Бейскеева Ирина Владимировна | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 14.03.2016 | 16.00 – 17.00 |
| 32 | Сарсембеков Бекзат Муксинович | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 15.03.2016 | 10.00 – 11.00 |
| 33 | Юн Станислав Алексеевич | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 15.03.2016 | 12.00 – 13.00 |
| 34 | Жусипова Гульнар Жармахановна | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 15.03.2016 | 13.00 – 14.00 |
| 35 | Кобенов Озькен Шипанбаевич | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы / Центр детско-юношеского творчества «Достық» | 15.03.2016 | 16.00 – 17.00 |

**Приозерск аумақтық сайлау комиссиясы**
**Приозерская территориальная избирательная комиссия**

САЙЛАУ - 2016 *** ВЫБОРЫ - 2016

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ТІРКЕЛГЕН КАНДИДАТТАР ТІЗІМІ
# СПИСОК ЗАРЕГИСТРИРОВАННЫХ КАНДИДАТОВ В ДЕПУТАТЫ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

| округ №/<br>№ округа | Мәслихат депутаттығына кандидаттың аты-жөні/<br>Ф.И.О. кандидата в депутаты маслихата | Туған күні, жылы, айы<br>Число, месяц, год рождения | Атқаратын лауазымы<br>Занимаемая должность | Тұрғылықты мекен жайы/ адрес проживания | Партияға қатыстылығы/ партийность | Тіркелген мерзімі<br>Дата регистрации |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Трифонова Наталья Викторовна | 26.06.1964 | Жеке кәсіпкер/ Индивидуальный предприниматель | Приозерск қ. Кисунько к. 4/1-70 / г.Приозерск ул.Кисунько 4/1-70 | Партияда жоқ/ беспартийная | 20.02.2016 |

**Приозерск аумақтық сайлау комиссиясы** **Приозерская территориальная избирательная комиссия**

*Тұрғындардың назарына* *** *К сведению населения*

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

**2016 жылдың 22 ақпанда «Приозерск қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ ғимаратында «Приозерск қаласының Жұмыспен қамту орталығы» КММ жұмыссыз азаматтар үшін «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдараламасын түсіндіру мақсатында «Ашық есік күні» өткізілді.**

Ашық есік күнінің мақсаты – жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыссыздарға еңбек нарығындағы ең қажетті мамандықтар бойынша ақпарат беру, түсіндірме жұмыстарын жүргізу. «Ашық есік күніне» жұмыс іздеген жұмыссыз азаматтар шақырылды.

Ашық есік күнінің ерекшелігі – бұл бос орындар тізіміндегі талаптар туралы білу, әңгімелесуге шақырту алу, шағын несие бойынша ақпарат алу.

Ашық есік күнін өткізерден бұрын үлкен ақпараттық жұмыс жүргізілді, яғни ашық есік күніне қатысу туралы хабарландыру таратылды.

«Ашық есік күніне» 13 азаматтар қатысты, оның ішінде: жастар – 4, әйлдер – 10, ер адамдар – 3. Келгендердің білім деңгейі: жалпы орта –3 , орта-арнайы – 5, орта-техникалық – 3, жоғары – 2.

Ашық есік күнін өткізу қорытындысы бойынша, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы бойынша толық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, өз ісін кеңейту үшін шағын несие



алуға 1 жеке кәсіпкер жолықты.

Ашық есік күні өту шеңберінде, келген жұмыссыз азаматтармен түсіндіру жұмыстарын өткізді. Әңгімелесу барысында, Жұмыспен қату орталығы КММ директор м.а. Д.Бижанова жұмыссыз азаматтар алдында сөз сөйлеп, жұмысқа тұру, оқу және шағын несие алу бойынша толық түсініктеме берді.

Ағымдағы жылдың соңына дейін жұмыссыздықты төмендету мақсатында тағы да бірнеше «Ашық есік күнін» өткізу жоспарланды.

**"ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН**

## ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ В ЦЕНТРЕ ЗАНЯТОСТИ

**22 февраля 2016 года КГУ «Центр занятости города Приозерск» был проведен «День открытых дверей для жителей города, с разъяснением программы «Дорожная карта занятости 2020 ».**

Проведению дня открытых дверей предшествовала большая информационная работа: были размещены объявления с предложением о принятии участия в проведении «Дня открытых дверей».

«День открытых дверей» посетило 13 человек, из которых 4 - молодежь. Из числа обратившихся было 10 женщин и 3 мужчин. Уровень образования посетивших: среднее – 3, средне-специальное-5, средне-техническое -3, высшее - 2.

По результатам проведения «Дня открытых дверей» проведена разъяснительная работа по программе «Дорожная карта занятости 2020» и среди участников для расширения собственного дела один индивидуальный предприниматель получил консультацию.

В «День открытых дверей» участвовала и.о.директора и специалисты Центра занятости и проконсультировали по вопросам получения микрокредита, трудоустройства на временные и постоянные рабочие места.

В течение текущего года Центром занятости и социальных программ города Приозерск планируется провести следующие мероприятия: ярмарка вакансий для безработных граждан – март, круглый стол с предпринимателями-апрель, ярмарка вакансий для граждан с ограниченными возможностями- август, беседа с гражданами – август. Также запланированы ежеквартальные публикации статей в газету – апрель, июль, декабрь.

**КГУ "ЦЕНТР ЗАНЯТОСТИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК"**



*Заңнамадағы жаңалық*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ - ПРОЦЕСТІК КОДЕКС КОНТЕКСІНДЕГІ «ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ»

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің *(әрі қарай ҚР ҚПК)* 7-бабының 37-тармағында процестік келісімге түсінік берілген – бұл қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында осы Кодексте көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалатын келісім.

Процестік келісім біздің елімізде жаңа ұғым ретінде қолданылып жүр. Жалпы бұл институт шетелдің «мемлекетпен келісімге отыру» институтынан шыққан.

Процестік келісім жасалған істер бойынша өндіріс ҚР ҚПК-нің 13 бөлімімен көзделген, оған 18 бап енеді.

Процестік келісім екі түрде жасалуы мүмкін:

1. кінәні мойындау.

2.ынтымақтастық туралы келісім.

ҚР ҚПК-не сәйкес кінәні мойындау туралы келісім орташа ауырлықтағы немесе ауыр қылмыстар бойынша күдікті, айыпталушы күдікпен, айыппен келіскен жағдайда ғана жасалыды.

Ынтымақтастық туралы келісім –қылмыстық топпен жасалған қылмыстарды, басқа адамдармен жасалған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеуге мүмкіндік туғызарлық санаттар бойынша жасалады.

Процестік келісім есі дұрыс емес күйде қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасы бұзылған адамдармен жасалылмайды. Яғни, мұндай санаттағы адамдармен келісім жасау заңмен тиім салынған.

Бір айта кететін мәселе, процестік келісім жасау барысында жәбірленуші деп танылған адамдарды азаматтық талапкер алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен босатпайды.

Кінәні мойындау туралы мәміле түрінде процестік келісім жасау үшін келесі шарттар қарастырылған. Мұны адамдар міндетті түрде білгендері жөн. Олар:

1)күдікті, айыпталушы процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдірсе;

2)күдікті, айыпталушы қылмыс жасау күдігін, айыптауды және іс бойынша қолда бар айғақтарды, онымен келтірген зиянның сипаты мен мөлшерін дауламаса;

3)процестік келісім жасасуға жәбірленуші келіссе.

Яғни, процестік келісім жасасу кезінде жоғарыда көрсетілген үш шарттардың біреуі сақталмаса, аталған келісім жасалмайды.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім

1) қылмыстардың жиынтығына қатысты, егер олардың біреуі болсын заңмен көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

2) егер жәбірленушілердің ең болмағанда біреуі процестік келісім жасасуға келіспесе, жасалуға жатпайды.

Кінәні мойындау туралы мәміле түрінде процестік келісім жасау салдары мыналар болып табылады:

Мұндай істер бойынша сотқа дейінгі тергеу мерзімі ҚР ҚПК-нің 192 бабымен көзделген және процестік келісім жасау сәтінен анықтау істері бойынша бір айдан және алдын ала тергеу істері бойынша екі айдан аспауы тиіс (өтініштерді сотқа дейін тергеудің бірыңғай тізімінде тіркеу).

Осы санаттағы істер бойынша сот талқылауы келісілген өндірісте және қысқартылған тәртіпте 10 күндік мерзімде қаралады, ерекше жағдайда бұл мерзім 20 тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін. Процестік келісім жасауға келісім берген жәбірленуші одан ары зиянды өтеу мөлшері туралы талаптарды өзгертуге құқылы.

Сонымен бірге күдікті, айыпталушы сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөліміне кеткенге дейін кез келген сәтте процестік келісімнен бас тартуға құқылы.

Процестік келісім жәбірленушіні және азаматтық талапкерді осы қылмыстық істе немесе азаматтық іс жүргізу тәртібінде азаматтық талап ұсыну құқығынан айырмайды. Тараптардың процестік келісім жасаудан бас тартуы оны қайта жасау туралы өтініш мәлімдеуге кедергі келтірмейді.

Жоғарыда атап өткендей, процестік келісім мемлекетімізде жаңадан еңгізілген ұғым болуына байланысты, көптеген азаматтар, оның ішінде қала тұрғындары бұл норманы жетік түсіне қоймаған.

Олай деп айтуымыз, 2015 жылдың 12 айында Приозерск қаласы ІІБ-нің Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай рестіріне қала бойынша 95 қылмыс тіркелген. Алайда, қылмыстық істер бойынша күдікті деп танылған 2 адамдар тарапынан 2 процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниеттерін ғана білдірген.

Процестік келісім жасаудың басты ерекшілігі, судья қылмыстық істі қарау барысында және айыпталушыға жаза тағайындау кезінде процестік келісімде көрсетліген жаза шеңберінде ғана қарайды, егер де айыпталушы басты сот талқылауында аталған келісімнен бас тартпаса.

Елбасымыздың ұтқыр саясатының бірі, елімізде қылмыстылықтың санын азайту, онымен күресті күшейтудің жаңа әдістерін іске асыру болғандықтан, қазіргі таңда қолданылып жүрген бұл институт әлі де болса жетіліп, тәжірибеде көбірек кездесетін болады деген үміттеміз.

**С.Ж. Кеңесов,**
*Приозерск қаласы прокуратурасының аға прокуроры 1-ші сыныпты заңгер*

## ӨЗ ҚҰҚЫҒЫНДЫ ҚОРҒАЙ БІЛ

Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де **нормативтік құқықтық актілерінен** тұрады. Өйткені, Конституцияның өзінде, біздің еліміздің ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын нормалар құқықтың әртүрлі салаларын қамтиды. Бұл құқықтарға кепілдік беріледі, өйткені қолданыстағы заңнама тұтынушының өмірінің қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететеді. Осы заңнама арқылы тұтынушылар тиісті сападағы тауарды айырбастау немесе қайтарып беру, еркін таңдау, тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтету құқығы бар екені нақты көрсетілген. Осы мақсатта қандай да бір көмек қажет болатын болса Приозерск қаласының тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасынан

Мына мекен-жай бойынша Пушкина көшесі, 6/2 үй, ақпарат алуға болады.

**Приозерск қаласының тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы**

## ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ!

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – БОЛАШАҒЫМ

Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан. Қазақтар үшін мемлекеттік тілді білу – міндетті талап болуы тиіс. Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш – жігерімізді жұмсауға тиіспіз.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде! Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз. Қазақтың қазақтығының басты белгісі - қазақша сөйлеуі. Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп айтар едім. Оның біріншісі , әрине, - ата- бабаларымыз өздерінің қанын төгіп, жанын беріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз - сол ата – бабаларымыздың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман - есен жеткен тұп - тұнық , мөп - мөлдір қазақ тілі. Ата-бабаларының асыл сөзін жүз томға жинап , бастырып шығара алатын ел - бақытты ел, бақуатты ел, болашағы кемел ел. Қазақ тілі – ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек, оқыта білуіміз керек. Ана тілін ардақтау ешқашан ескірмейтін ұран. Ана тілі үшін, туған жер үшін майдан – майдандардың майданы. Тіл байлығы – бір халықтың ұлан – ғайыр дәулеті, рухани қазынасы. Тіл байлығының ең басты белгісі – сөз байлығы. Қазақ тілі - дүние жүзіндегі ең бай, бедерлі де , бейнелі тілдердің бірі. Ол күні кешегі «өнер алды - қызыл тіл» - деп ұққан көшпенділердің, ердің құнын екі ауыз сөзбен тындырған көшпелі билердің тілі.

«Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы» – еліміздегі заңдар мен құқықтық-нормативтік актілердің жүйесінде әлеуметтік-саяси, рухани маңызы мен орны жөнінен ерекше дүние. Біріншіден, ол Қазақстан Конституциясында анықталған мемлекеттік тіл, адам құқықтарының білими-мәдени өрістерін одан әрі кеңітіп, дамытып, нақтылай түседі. Екіншіден, Заң – Қазақстанның дербес, тәуелсіз дамуының аса күрделі проблемаларының бірі- Қазақстан Республикасы мемлекеттік сәйкестігін қалыптастырудың аса маңызды белгісі – мемлекеттік тілдің қызметі мен дамуының түбегейлі заңдылықтарына жауап береді. Үшіншіден, Заң адам мен азамат құқының, тіршілігі мен мүддесінің аса күрделі, нәзік әрі көп қырлы саласы- тілдің Қазақстан мемлекеті мен қоғамының бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында: экономикадағы,әлеуметтік-рухани саладағы, қорғаныс ісіндегі, мемлекеттік басқарудағы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы қызметінің құқықтық өрісін анықтады. Қазақ тіліне қамқорлық, оның мемлекеттік сәйкестігін қамтамасыз ету – ең алдымен, мемлекеттік органдардың, Үкіметтің міндеті. Тілдің мемлекеттік сәйкестігінің аса маңызды шарты – мемлекеттік қызметкерлердің, ең алдымен өзін қазақ деп анкета толтыратын-дардың мемлекеттік тілді білуі шарт. Мемлекеттік тілдің тағдыры, көп ретте орта, арнаулы орта және жоғары білім, ғылым салаларында.Тіл саясатының жемістілігі, пәрменділігі осы салалардан көрінеді, тағдыры ең алдымен осы салаларда шешіледі. Қазақ тілінің мәртебесі мен бүгінгі таңда қоғамнан алатын орнының негізі орта және жоғары мектепте қаланары сөзсіз.

Ендеше, қазақ тілінің даму сатысы қоғамның дамуымен де тығыз байланыста. Бағзы заманда ата-баба қанымен келген туған тілге, жерге деген құрмет әрбір «мен қазақпын!»-деген патриорт жастарымыздың, қандастарымыздың көңіл түкпірінен орын алуы тиіс. Менің тілім – менің болашағым! «Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс» - деген ел Президентінің халыққа жолдауы міне осының айқын дәлелі!

**Приозерск қаласының**
**Әділет басқармасы**

# ТӘРБИЕ ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ

«Тіл - тіршіліктің бастауы» деп бекер айтылмаған. Себебі, адам баласы ес білген кезінен бастап айналадағы жаңа ұғымдарды ана тілі арқылы қабылдап, үйрене бастайды. Ана тілін балалар ананың әлдиінен, бесік жырынан, қоршаған ортасынан еліктеу арқылы үйренеді. Есейе келе кітаптан, қоғамнан, халықтан үйреніп, меңгереді. Осылай ана тіліміз ананың ақ сүтіндей бойымызға сіңе береді. Әркім өзінің ана тіліне деген құрметін ешқашан жоғалтпауға тиіс. Үзілмей келе жатқан осындай даналық дәстүрінің жалғасын біз бүгінгі ұрпақтан да көреміз.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының және тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың орындалуы туралы мәселе үнемі мектеп әкімшілігі бақылауында болады. Берілген сұрақ педагогикалық кеңесте, директор жанындағы отырыстарда қарастыры-лып, тіл пәндерінің нәтижелі оқытылуы қадағаланады, Заңның іске асырылу қорытындысы тере-ңірек сарапталынады.

Бүгінгі күні бір қазақ мектебі, бір аралас білім беретін мектепте 1749 бала білім алады. Оның ішінде қазақ ұлты балаларының саны 1549, орыс ұлты оқушыларының саны 115, өзге ұлт балаларының саны-85.

Білім беру ұйымдарында жыл сайын тіл мерекесіне арналған апталықтар өткізіледі. Апталықта жоспар жасалып, тілдік мәртебені көтеруге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар қалалық мәнерлеп оқу сайыстары мен тіл мүшайраларына мектеп оқушылар белсене қатысады. Мектеп ұстаздары мемлекеттік тілді меңгеруде қалада заңды түрде тіркеліп, қызмет жасап жатқан орыс, қазақ және азербайжан ұлттық мәдени орталықтарымен тығыз байланыс орнатқан.

Қаламыздағы қазақ тілінде жүргізілетін мек-тепке дейінгі ұйымдарда 35 өзге ұлт өкілдерінің балалары тәрбиеленіп, бүлдіршіндер қазақ тілінде еркін сөйлейді. Тәрбиешілер мемлекеттік тілді үйретумен қатар қазақтың ұлттық салт-дәстүрін және өзге ұлттардың әдет-ғұрыптарын насихаттап отырады. Өзге ұлт балаларына қазақ тілін ұтымды, қызықты үйрету үшін ойын технологиясы қолданылады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде және басқа уақыттарда мақал-мәтел, жұмбақтар, санамақтар айтқызып балалардың тілін жаттықтырып отырады. Топ бөлмелері бүлдіршіндер мен ата-аналарға арналған «Қазақ-аңыз қалай?» қабырға газеті және ұлттық бұрышпен жабдық-талған.

Қаламыздың білім саласында атқарылып жатқан осындай игі істер тілімізді дамытуға өз үлесін қосып келеді және алдағы уақытта жалғасын табатын болады.

**Ахметова Саягүл**
*Приозерск қаласы білім бөлімінің сектор меңгерушісі*

# БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

*1-Наурыз – алғыс айту күні*

Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Жарлығына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілгені мәлім. Осы Жарлыққа орай, 1-наурыз – Алғыс айту күні болып белгіленді. Адамның тіршілікте, күнделікті өмірде бір-біріне мейрімі түсіп, жақсылық жасамайтын, қолдан келгенше көмектеспейтін күні жоқ шығар. Кейде бұны қарапайымдылықпен елеп-ескермей, бір ауыз алғысымызды, рахметімізді айтуды ұмытып кетіп жатамыз. Ал, өзінің кәсіби қызметінде жүріп-ақ тосаттан ерлік жасап, адам жанына араша болған, басын бәйгеге тігіп, бірнеше жанның өмірін сақтап қалған жандар да бұл жасаған әрекетін жәй ғана өзінің міндетті жұмысы санап, біреуден алғыс-рахмет, мадақ-марапат алсам деп емеурін танытып жатпайды. Десе де, кісінің еткен еңбегі мен лайықты іс-әрекетіне қарай алғысқа бөленгені дұрыс деп ойлаймыз. Осындай алғысқа ие болуға лайықты азаматтың бірі ретінде Приозерск қаласы 47 өрт сөндіру бөлімінде қызмет ететін старшина Марат Файзоллаұлы Нұрлыбаевты атауға болады.

Елде жүргенде құрылысшылық мамандықты меңгерген Марат, алда мүлде басқа қызметті атқарып кетемін дегенді ойына да алмаған. Өмір ағысы оны өрт сөндіру қызметіне әкеліп, басқа қырынан танылуына мүмкіндік берген еді. Тумысынан қабілеті мықты адамдар кез-келген кәсіпке икемді келетіні бар. Осы қалаға көшіп келгесін Ресей Федерациясы әскери қызметінің өрт сөндіру бөлімінде қарапайым өрт сөндіруші болып жұмысқа орналасқан ол бұл мамандықты жедел меңгеріп алды. Кейін қалада азаматтық өрт сөндіру қызметі ашылғанда, осы жаққа ауысқан болатын. Арада бірнеше жыл өзге жұмыстармен айналысып, ақырында 2006-жылдан бастап қазіргі 47 өрт сөндіру бөліміне түпкілікті табан тіреп, он жылдан бері абыройлы қызметімен көзге түсіп келеді. Он жыл бойғы нәтижелі қызметі зая кеткен жоқ. Ол жоғарғы басшылық тарапынан лайықты марадаққа ие болып отырды. Өткен 2015-жылдың қортындысы бойынша өз саласындағы үздіктер қатарынан табылып, Қазақстан құтқарушыларының 20 жылдық мерейтойына орай мерекелік медальмен марапатталды. Старшина шеніндегі Мараттың бүгінде атқаратын қызметі газ түтінінен қорғау қызметінің аға шебері. Оның басты міндеті – сығымдалған ауасы бар (драгер аппараты) газ баллонадарын толтырып, оның талапқа сай болуын, таза, дайын күйде сақталуын қамтамасыз ету және бақылап отыру. Бұл баллондардың өрт сөндіру кезінде атқаратын қызметі өте маңызды. Онымен айналысу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Марат өзінің өрт сөндіруші кезіндегі талай қауіптің алдын алып, өлім мен өмір арасында қалған сәттерін есіне алғысы келмесе де, біздің сауалымызға жауап қатуды жөн көрді.

–Бірде екінші қабаттағы пәтерде өрт болғаны жөнінде хабар жетіп, шұғыл жеттік. Есіктен кіруге болмаған соң, сатымен терезе арқылы кірдік. Пәтер іші толық жануда және көк түтінге оранған. Мұндай кезде айналаны тез шолып, жедел шешім қабылдау қажет. Анадайда шүмегінен шыққан газ жалынға айналып, екі метр қашықтыққа жалын шапшып жатты. Газ баллоны қызарып, шоққа айналған. Шамалы кешіксек, жарылыс болып, үйдің біраз бөлігі қирауы, біздің де ажал құшуымыз мүмкін еді. Ойланып жатуға уақыт тығыз. Атылып барып газ баллонының шүмегін бекіттім де, көтерген бойда балконға алып шықтым. Өрт ауыздықталғасын байқадым, арнайы қолғап ішіндегі қолымның терісі күйіп, қолғапқа жабысып қалыпты. Ондай сәтте өз басыңды емес, қызметтік жауапкершілігіңді, төңірегіңдегі адамдармен қоғам мүлкінің қауіпсіздігін бірінші кезекке қоюға тиіссің, – деп еске алды сол бір шақты.

Қызмет барысында Марат өзінің жаңашылдығымен де әріптестерін таң қалдырды. Бұл қызметте қауіпсіздік бекеттік қорабы үнемі өрт сөндірушілермен бірге жүреді. Аталмыш қорапта журнал, қалам, қарындаш, сағат, қол шамы секілді аса қажетті заттар сақталынады. Бұрынғы үлгісі тым шағын болғандықтан, Марат өзі ізденіп, ыңғайлы және сыйымдылығы мол жаңаша қорап ойлап тауып, өз қолымен жасаған. Осы қорап кейінірек облыс, одан кейін республика көлемінде пайдалануға енгізіліпі. Бөлімнің бұрынғы бастығы Н.С.Бекбосынов облыстық жиынға барған бір сапарында облыстық департамент бастығының Нұрлыбаевты көпшіліктің алдында мақтап, ол жасаған қораптың қазір еліміздегі барлық өрт қызметінде қолданылып жатқандығын айтқанын жеткізіпті.

Марат Файзоллаұлы мен оның жары Гүлшан төрт бала өсіріп отырған үлкен шаңырақтың иелері. Бесінші бала – балдызының қызын да қамкорлықтарына алыпты. Балаларын адалдыққа, еңбекқорлыққа, мейрімділікке баулып жеткізуде. Үлкендері Мақсат пен Ақмерей қаланың мәдени-көпшілік шараларына бөлімнің атынан қатысып, қалалық және облыстық сурет және өнер байқауларында жүлделі орындарға ие болған.



Қолының өнері бар Марат бөлімнің бүкіл мерекелік шараларына белсене араласып, наурыз мерекесі кезінде киіз үйдің бар көркемдеу жұмыстарын өз мойнына алып, бірнеше рет олардың бөлімі атынан бәйгеге қатысқан үйлері жеңімпаз атаныпты. Болмысында қарапайымдылықты қалайтын жігіт өзіне өзгелердің алғыс айтқанынан гөрі, өзін тарихи Отанына көшіріп алып, осындай мамыражай заманға, тыныш та, берекелі өмірге куә еткен қазақ елі мен оның Елбасына алғысы шексіз, рахметі мол екенін жеткізді.

**Н.ӨТЕП**
*Суреттерде: М.Нұрлыбаев;*
*Суретті түсірген автор.*

# ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ ПРИ ПАВОДКЕ, НАВОДНЕНИИ

**Паводок, наводнение** – это значительное затопление местности в результате подъема уровня воды в озере в период снеготания, ливней, ветровых нагонов воды, при заторах, зажорах и т.п. В зоне затопления могут размываться системы водоснабжения, канализации, сливных коммуникаций, банно-прачечных сточных вод, места сбора мусора, нечистот и прочих отбросов. В этих зонах возрастает опасность возникновения и распространения инфекционных заболеваний.

**Действия в случае угрозы возникновения наводнения, паводка:**

Внимательно слушайте информацию о чрезвычайной ситуации и инструкции о порядке действий, не пользуйтесь без необходимости телефоном, чтобы он был свободным для связи с вами. Сохраняйте спокойствие, предупредите соседей, окажите помощь инвалидам, детям и людям преклонного возраста.

Подготовьте документы, одежду, наиболее необходимые вещи, запас продуктов питания на несколько дней, медикаменты. Сложите все в чемодан. Документы сохраняйте в водонепроницаемом пакете. Не помешает иметь фонарик с запасом батареек – для подачи сигналов бедствия в темноте.

Разъедините все потребители электрического тока от электросети, выключите газ.

Перенесите ценные вещи и продовольствие на верхние этажи или поднимите на верхние полки. Перегоните скот, который есть в вашем хозяйстве, на возвышенную местность

**Действие в зоне внезапного затопления во время наводнения, паводка:**

Сохраняйте спокойствие, не паникуйте. Быстро соберите необходимые документы, ценности, лекарства, продукты и прочие необходимые вещи.

Окажите помощь детям, инвалидам и людям преклонного возраста. Они подлежат эвакуации в первую очередь. По возможности немедленно оставьте зону затопления.

Перед выходом из дома отключите электро- и газоснабжение, погасите огонь в печах. Закройте окна и двери, если есть время – закройте окна и двери первого этажа досками (щитами).

Отворите хлев – дайте скоту возможность спасаться.

Поднимитесь на верхние этажи. Если дом одноэтажный – займите чердачные помещения.

До прибытия помощи оставайтесь на верхних этажах, крышах, деревьях или других возвышениях, сигнализируйте спасателям, чтобы они имели возможность быстро вас обнаружить. Проверьте, нет ли вблизи пострадавших, окажите им, по возможности, помощь.

Оказавшись в воде, снимите с себя тяжелую одежду и обувь, отыщите вблизи предметы, которыми можно воспользоваться до получения помощи.

Вернувшись после наводнения домой, осмотрите сначала, не подмыло ли фундамент, не рухнет ли что-нибудь сверху вам на голову. Проветрите помещения – в них могут скапливаться вредные газы. Газовую плиту не зажигайте до тех пор, пока не убедитесь, что нет утечки газа.

Из соображений безопасности лучше не употреблять подмоченные продукты, так как они могут быть загрязнены болезнетворными микробами. По этой же причине, прежде чем брать воду из колодца, надо его сначала осушить, почистить, затем откачивать воду до тех пор, пока она не станет пригодной для питья.

**ПРИ ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЯХ ЗВОНИТЬ (круглосуточно): по телефону 101 или 112**

**ОЧС г.ПРИОЗЕРСК**

# О ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН. ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ.

**В соответствии с Планом Нации «100 конкретных шагов» в рамках первых 15 шагов по формированию профессионального государственного аппарата Президентом страны был подписан новый Закон «О государственной службе Республики Казахстан». Какие произошли изменения с введением в действие нового Закона, наш сегодняшний разговор с заместителем руководителя Департамента Министерства по делам госслужбы по Карагандинской области с Талантом МЕДЕТом.**



**Талант Бакбергенович, согласно новому закону «О государственной службе Республики Казахстан» внедрена трехступенчатая система отбора. Получается процедура поступления на государственную службу усложнилась?**

Никаких сложностей при поступлении на государственную службу нет. Поступление на государственную службу будет осуществляться на конкурсной основе. Есть два вида конкурсов: общий конкурс среди всех граждан и внутренний конкурс среди госслужащих. Когда проводится общий конкурс для всех граждан, кандидаты как и прежде сдают тестирование, проходят собеседо-вание по профильным знаниям в государственном органе, который объявил конкурс. Добавляется лишь еще один этап, после успешной сдачи тестирования на знание законодательства, кандидаты проходят тестирование на оценку личных качеств, где оценивается их приверженность ценностям государственной службы, наличие базовых компетенций. Данный тест проводится в центре тестирования после завершения тестирования на знание законодательства.

Также хотел бы отметить, что все лица, впервые поступающие на госслужбу начнут свою профессиональную деятельность только лишь с низовых должностей. При проведении общего конкурса граждане предоставляют заявление, анкету, копии документов об образовании, трудовой книжки, удостоверения личности, справку о состоянии здоровья, сертификат о прохождении тестирования, а также заключение о прохождении тестирования на оценку личных качеств. Всего должны предоставить восемь документов.

Кроме того, раньше кандидаты предоставляли нотариально заверенные копии документов об образовании и трудовой книжки. А это требовало дополнительных затрат у кандидатов. С нынешнего года допускается предоставление обычной копии данных документов. Но, кандидаты должны предоставить подлинники этих документов для сверки.

Обязательным требованием будет установление испытательного срока на 3 месяца с правом продления еще на 3 месяца и закрепление за ними наставников из числа опытных сотрудников, в целях оказания практической помощи.

В дальнейшем, их карьерное продвижение будет осуществляться на основе внутреннего конкурса по упрощенному порядку и в короткие сроки.

При проведении внутреннего конкурса среди госслужащих первоначально кандидаты будут отбираться среди работников госоргана, где заполняется вакансия и его ведомств.

В случае создания единой службы управления персоналом внутренний конкурс проводится среди служащих госорганов, для которых создана указанная служба. На сегодняшний день, в аппаратах акимов городов и районов уже созданы такие службы. То есть, при проведении внутреннего конкурса их конкурсная комиссия может рассматривать кандидатуры государственных служащих в целом по району или городу. В случае отсутствия подходящих претендентов, отбор уже пройдёт среди госслужащих всех госорганов области. Все государственные служащие, участвующие во внутреннем конкурсе сдают лишь заявление и послужной список, заверенный кадровой службой. Всего лишь два документа.

Необходимости сдавать тестирование при участии во внутреннем конкурсе нет. То есть, при проведении общего конкурса кандидаты сдают восемь документов, в том числе и сертификат о прохождении тестирования, а для участия во внутреннем конкурсе всего лишь два документа.

Если по итогам конкурса среди госслужащих всех госорганов области не найдутся кандидаты, то будет проведен общий конкурс для всех граждан.

**Если человек раньше работал на госслужбе и не является впервые поступающим, но хочет вернуться на госслужбу, может ли он участвовать во внутреннем конкурсе, который проводится именно среди госслужащих и какой перечень документов он должен сдавать для участия в конкурсе?**

Да, он может участвовать во внутреннем конкурсе, но имеются ограничения.

Данные ограничения оговорены в новом Законе «О государственной службе Республики Казахстан». Они имеют право только лишь в течение тридцати календарных дней со дня увольнения занять должности корпуса «Б» по итогам внутреннего конкурса. Но, при условии, если он не состоял в трудовых отношениях с другими физическими и юридическими лицами, а также не выезжал за пределы страны.

Еще один немаловажный факт, при участии во внутреннем конкурсе кандидаты тестирование на знание законодательства не сдают. Для участия во внутреннем конкурсе предоставляются лишь, как я уже отмечал, заявление по установленной форме и послужной список, заверенный кадровой службой.

**Получается занятие административных государственных должностей корпуса «Б» будет осуществляться только на конкурсной основе?**

Совершенно верно. Вместе с тем, по новому закону допускается занятие административных государственных должностей корпуса «Б» и в порядке перевода, но не всех госслужащих. Также допускается занятие административных государственных должностей путем назначения местными представительными органами или избрания в соответствии с законами Республики Казахстан. Это норма касается акимов сельских округов, сел и поселков.

Кроме того, допускается назначение госслужащих корпуса «Б» и в порядке ротации. Но и здесь, не все госслужащие имеют право быть назначенными в порядке ротации. Ротация допускается для отдельных категорий, а именно С-О-1 - внутри государственного органа, включая его ведомства и территориальные подразделения и D-О-1, в пре-делах соответствующей области.

В остальных случаях административные государственные должности будут заполняться только на конкурсной основе.

Еще хочу отметить, что по новому закону институт кадрового резерва корпуса «Б» упразднен. То есть, с этого года конкурсные комиссии госорганов не могут принимать решения о зачислении кандидатов в кадровый резерв корпуса «Б».

**Как тогда быть с теми кандидатами, которые уже зачислены в кадровый резерв корпуса «Б» в прошлом году? Они уже исключены из кадрового резерва?**

Нет. Кандидаты, зачисленные в кадровый резерв корпуса «Б», могут быть назначены на должности корпуса «Б» до истечения годичного срока пребывания в кадровом резерве без проведения конкурса.

Кроме того, пользуясь случаем, хотел бы довести до читателей, что сертификаты по тестам на знание законодательства, полученные до конца 2015 года, будут действовать в течение года с момента прохождения тестирования. При наличии такого сертификата для участия в конкурсах кандидатам потребуется прохождение в нашем Министерстве или его территориальных подразделениях, как я уже отмечал, тестирования на оценку личных качеств и компетенций.

**Очень кстати затронули вопрос тестирования. Снизились ли пороговые значения по программам тестирования? В прошлом году, насколько я знаю, процент прохождения тестирования был низкий и многие граждане не добирали один, два балла?**

Так и есть. В прошлом году тестирование сдавали 4757 человек, из них лишь 1519 человек или 32% успешно преодолели пороговое значение.

С этого года, приказом Министра по делам государственной службы утверждены новые Правила организации тестирования, согласно которому остаются три программы тестирования. В части количества законов, по которым необходимо сдавать тестирование, ничего не изменилось, все осталось как и прежде. Но, пороговые значения тестирования притерпели некоторые изменения.

Так, по первой программе, которая состоит из 9 законов *(Конституция Республики Казахстан","О Президенте Республики Казахстан","О Правительстве Республики Казахстан","О государственной службе Республики Казахстан","О противодействии коррупции","Об административных процедурах","О нормативных правовых актах","О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц", "О государственных услугах")* порог составляет не менее 95 правильных ответов от общего количества вопросов *(135 вопросов)* по всем нормативным правовым актам и не менее 5 правильных ответов по каждому нормативному правовому акту. Время на выполнение тестов составляет 110 минут.

Вторая программа состоит из 8 законов *(Конституция Республики Казахстан,"О Президенте Республики Казахстан","О государственной службе Республики Казахстан","О противодействии коррупции","Об административных процедурах","О местном государственном управлении и самоуправлении","О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц", "О государственных услугах")* и порог установлен не менее 72 правильных ответов от общего количества вопросов *(120 вопросов)* по всем нормативным правовым актам и не менее 5 правильных ответов по каждому нормативному правовому акту. Время на выполнение тестов составляет 100 минут.

По третьей программе, которая состоит из 6 законов *(Конституция Республики Казахстан,"О государственной службе Республики Казахстан","О противодействии коррупции","О местном государственном управлении и самоуправлении","О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц", "О государственных услугах")*, пороговое значение составляет не менее 45 правильных ответов от общего количества вопросов *(90 вопросов)* по всем нормативным правовым актам и не менее 5 правильных ответов по каждому нормативному правовому акту. Время на выполнение тестов составляет 80 минут.

При прохождении тестирования на знание законодательства с результатами выше пороговых значений, кандидат в течение 20 минут допускается к тестированию на оценку личных качеств, в ходе которого выявляется уровень развития у кандидатов инициативности, коммуникативности, аналитичности, организованности, этичности, ориентации на качество, ориентации на потребителя и нетерпимости к коррупции.

По результатам тестирования на знание законодательства выдается сертификат, по результатам оценки личных качеств – заключение.

И еще немаловажная норма, которая была введена с этого года, это сокращение сроков пересдачи тестирования с 3-х месяцев до 2-х месяцев.

**Имеется ли у кандидатов возможность обжалования результатов тестирования и не дожидаясь этих 2-х месяцев пересдать тестирование?**

Да, в нашем Департаменте создана апелляционная комиссия по рассмотрению заявлений кандидатов на результаты тестирования. Необходимо отметить, что к рассмотрению будут приниматься заявления только от кандидатов, получивших результаты ниже значений на 1 или 2 балла от общего количества вопросов.

К примеру, кандидат участвовал в тестировании по второй программе и набрал всего 70 или 71 балл вместо нужных 72 баллов. Так вот, именно такие кандидаты имеют право подать на апелляцию.

Жалоба подается на имя председателя апелляционной комиссии лично кандидатом в течение 10 календарных дней после прохождения тестирования и рассматривается комиссией на заседании.

На заседании комиссии рассматриваются тестовые задания, на которые кандидат дал неверные ответы и по итогам рассмотрения заявления комиссия принимает одно из решений: 1.оставить апелляцию без удовлетворения; 2.удовлетворить апелляцию и допустить кандидата на пересдачу тестирования не дожидаясь двух месяцев.

**Талант Бакбергенович, раньше предусматривалось проведение аттестации 1 раз в 3 года по результатам оценки деятельности госслужащих. С какой периодичностью предполагается проведение аттестации?**

Теперь аттестация госслужащих будет проводиться по решению Президента страны, соответственно ее порядок и сроки будут также определены решением Главы государства. То есть, понятия «аттестация по итогам оценки» больше нет.

**Насколько я знаю, согласно новому Закону изменения были внесены и в части увольнения госслужащих в связи с достижением пенсионного возраста?**

Да, Вы правы. В старом законодательстве о государственной службе было сказано, что одним из оснований для прекращения госслужбы административными государственными служащими является достижение ими пенсионного возраста с правом ежегодного продления срока их пребывания на государственной службе путем заключения трудового договора по взаимному согласию сторон.

Теперь, с этого года, в связи с вступлением в действие нового закона, после достижения пенсионного возраста заключать договор можно будет лишь на один год. А те государственные служащие, которые на сегодняшний день уже работают на основании трудового договора, в этом году должны быть уволены.

К примеру, приказ о заключении трудового договора с государственным служащим, достигшим пенсионного возраста вынесен в 2015 году. Значит, государственный служащий в этом году должен быть уволен по истечении срока договора.

**Еще один немаловажный вопрос, который волнует каждого государственного служащего, это вопрос заработной платы. Что нового им ожидать?**

Глава государства в своей статье «План нации – путь к казахстанской мечте» отметил, что законодательно будет закреплена новая система оплаты труда госслужащего по его компетенции и результатам деятельности в зависимости от характера, объема и результатов выполняемой им работы. За наиболее результативную деятельность будет предусмотрена выплата бонусов.

Внедрить такую систему планируется начиная с 1 января 2017 года.

При этом уже в этом году повысился размер оплаты труда государственных служащих корпуса «Б» на 30 процентов во исполнение Послания Главы государства.

**Спасибо за интервью.**

**По материалам Департамента Министерства по делам госслужбы по Карагандинской области**

**ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ

# ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

****

# ГРАФИК ПРИЕМА

## ГРАЖДАН РУКОВОДСТВОМ ДЕПАРТАМЕНТА МИНИСТЕРСТВА ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ РК ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ И ЕГО ЗАМЕСТИТЕЛЯМИ

| | | |
|---|---|---|
| Сәрсенов Жандос Шералыұлы | Департамент басшысы – Әдеп кеңесінің төрағасы<br><br>Руководитель Департамента – Председатель Совета по этике | Апта сайын дүйсенбі және бейсенбі күндері сағат 16.00-18.30 аралығында<br><br>Еженедельно по понедельникам и четвергам с 16.00-18.30 часов |
| Ахметов Берік Мұхамеджанұлы | Департамент басшысының орынбасары – Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі<br><br>Заместитель руководителя Департамента – заведующий секретариатом Совета по этике | Апта сайын сейсенбі және жұма күндері сағат 16.00-18.30 аралығында<br><br>Еженедельно по вторникам и пятницам с 16.00-18.30 часов |
| Медет Талант Бақбергенұлы | Департамент басшысының орынбасары<br><br>Заместитель руководителя Департамента | Апта сайын сәрсенбі және жұма күндері сағат 16.00-18.30 аралығында<br><br>Еженедельно по средам и пятницам с 16.00-18.30 часов |

Қосымша кеңес алу үшін және мемлекеттік қызметшілермен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының және Әдеп кодексінің нормаларының сақталмағаны жағдайында 8 (7212) 91-36-56 телефоны бойынша жүгінуіңізді сұраймыз.

Для дополнительной консультации, а также в случаях нарушения государственными служащими Закона «О государственной службе Республики Казахстан», и норм Этического кодекса, просим обращаться по тел.: 8 (7212) 91-36-56.

*Біздің сұхбат*

# БАЛАЛАР - ҚОҒАМНЫҢ БІР БӨЛШЕГІ



Балалар да қоғамының бір бөлшегі. Олар мектеп қабырғасында білім ала жүріп, қоғамдық жұмыстарға қатысады, мәдени, әдеби және әлеуметтік шараларға хал-қадерінше атсалысады, шығармашылықпен айналысады, бойларындағы талантын шыңдап, ұстаздарының ықпалымен немесе өз беттерінше ізденеді, ақырында қоғамдағы өз орындарын табуға даңғыл жол салады. Жыл бойы өтіп тұратын даталы күндерді атап өтуге балалардың қосатын үлесі мол. Осыған орай № 2 мектеп бала бақша кешенінде өткен жылы балалардың тікелей қатысуымен атқарылған жұмыстар жайында аталмыш білім ошағындағы директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары **Алтынай Ермағамбетоваға** жолығып, әңгімелескен сұхбатты газет оқырмандарының назарына ұсынамыз.

**Тілші:** ***Балалардың қоғамдық жұмысы жылдың қай мезгілінен бастау алады?***

**А.Ермағамбетова**: Әдетте оқу жылы 1-қыркүйектен басталғандықтан, балалар осы күннен бастап қоғамдық жұмысқа араласып кете барады. Өткен жылы 1-қыркүйек білім күніне арналған «Сыңғырла, Алғашқы қоңырау!» атты салтанатты жиыны өткізілді. Дәстүрлі мерекенің ең басты қонақтары – 1-сыныпқа енді келген 85 оқушы болып, мектеп табалдырығын аттады. Бұл шараға олар дерлік түгел қатысты десек болады. Одан кейінгі Денсаулық күніндегі іс-шаралар жоспар бойынша өтіп, мектеп оқушылары мен ұстаздар түгел атсалысты. «Дені саудың – тәні сау» атты өткен спорттық іс-шараға 5-10 сынып оқушылары орталық алаңда денсаулық күніне арналған акцияға қатысты. Онда әр түрлі топтық жарыстар өткізілді.

**Тілші:** ***Балалар мектепішілік шаралардан тыс шараларға қатыса ма?***

**А.Ермағамбетова:** Балалардың жол ережесін білу өте маңызды деп санаймын. Балалардың жол-көлік оқиғаларынан жарақаттанудың алдын алу мақсатында «Жол жүру ережесін білесіңбе?» атты викториналық іс-шаралары ұйымдастырылды. Оқушыларды жол ережесімен таныстыру. Жол қауіпсіздігін сақтаудың адамдар өміріндегі маңыздылығын ұғындыру, көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Іс-шара барысында оқушыларға жолда жүру ережесін қатаң сақтау, оны бұзбау, бағдаршамға қарау, көлік алдынан жүріп өтпеу сияқты қағидаларды сақтауды ескертті. Алтыншы сынып оқушыларынан құрылған «Жас жол инспекторлар» тобы бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру ережесіне байланысты сабақтар өткізді. Сонымен қатар кішкентай бүлдіршіндерімізге сурет салдырды. Әр сыныпта «Жол көлік ережесі мен тәртібі» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Сары, қызыл, жасыл» викториналық ойындар 5-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. 9-10-сынып оқушыларынан сауалнама алынды. 1-4 сынып оқушылары арасында «Бағдаршамның сыры мен тілі» тақырыбында ойындар ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты. Жолда жүру айлығында ата-аналар да назардан тыс қалмады. Ата-аналарға арналған «Баламыз аман болсын десек...» тақырыбында жолда жүру ережелері туралы үлестірмелі парақшалар таратылды.

**Тілші:** ***Балалардың отбасы мәселесіндегі түсінігі қалай қалыптастырылады?***

**А.Ермағамбетова**: Бұл мәселе назардан тыс қалмайтын тақырып. Осыған орай отбасы апталығы ұйымдастырылды. Апталық төмендегі жоспар бойынша өткізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013-жылға 1-наурыздағы № 511 Жарлығына сәйкес қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күнінің аталып өтілуіне байланысты «Отбасы бақыт мекені» атты апталық іс-шаралар жоспары жасалды. Қазақстандық отбасының жалпы келбетін насихаттау, жеткіншек ұрпақты рухани адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу мақсатында Отбасы апталығының аясында мектеп кітапханасында сурет көрмесі өтті. Бұл іс-шара жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу мақсатында өткізілді. Қабырға газеттері ілінді.

**Тілші:** ***Кәсіби мерекелер тұрақты аталып өтетін шығар?***

**А.Ермағамбетова:** Бұл ретте «Ұстаздар күні» мерекесінің маңызы зор. Қазан айының басында «Менің алғашқы ұстазым» мерекесі аталып өтті. Ұстаздар күніне байланысты оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Ал, 5-10-шы сынып оқушылары мектептің акт залында ұстаздарға арналған мерекелік концертпен жалғасын тапты. Ұстаздар туралы «Ұстазым менің, ұстазым!» әні мен «Ұстазым» әндерін мектеп оқушыларының барлығы айтты.

**Тілші:** ***Балалардың қоршаған ортаға, табиғатқа деген көзқарасы қалай?***

**А.Ермағамбетова:** Қаламызды таза ұстау мақсатында әр аптаның сенбі күндерінде «Табиғатты тазалықпен көркейтейік» ұранымен сенбіліктер өткізіліп тұрды.

«Алтын күз» мерекесі әр жылы тұрақты өткізіледі. Биылғы «Алтын күз» мерекесі жылдағыдан ерекше және тартымды өтті. Бастауыш сыныптарында ашық тәрбие сағаттары ата-аналардың қатысуымен қызықты ұйымдастырылды. 9-10-сыныптар оқушылары «Күзгі бал» кешін ұйымдастырды. Қыздар күз ханшайымы болып өз өнерлерін ортаға салды. Барлық балаға номинация бойынша мақтау қағаздары берілді.

**Тілші:** ***Өткен жыл мерекеге толы болды. Қазақ хандығының 550 жылдығын қалай атап өттіңіздер?***

**А.Ермағамбетова:** Жас Ұлан ұйымының мүшелері арасында Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған «Атажұрт» тарихтанымдық дөңгелек үстел өткізілді. 1-Желтоқсан Тұңғыш Президент күніне «Егер мен Президент борлсам...» тақырыбында 3-4-сынып оқушылары арасында қабырға газеттерін шығару сайыстары өтті. 2015-жылдың 14-желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 24 жыл толуына арналған салтанатты жиын өтті. Қазақстан күннен-күнге өркендеп, гүлденуде. «Жас қыран» ұйымына 39 оқушы, ал «Жас ұлан» ұйымына 46 оқушы қабылданды. «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларға ұйымның ережесімен, бағыттарымен таныстырылды.

Кеше ғана бастауыш білімімен сусындап, орта білімге аяқ басқан, үздік оқумен өзгелерге үлгі болған төмендегі «Жас Қыран» буынынан өткен 5-сыныптардың 21 оқушысы «Жас Ұлан» қатарына қосылуға ерікті түрде ниет білдіріп, қоғамдық өмірде, қазақи ұлттық болмыста, халықтық келбет пен қалыпты сақтай отырып, ата-анасын шынайы сыйлап, олардың өнегелі қасиеттерін бойға сіңіріп, өз үлесін қосуға және оның мүшесі болуға ант берді. Қазақстан Республикасының туының түсіндей «Жас Ұлан» галстуктері мен төсбелгілері тағылды. Салтанатты жиынға «Жас Ұлан» туы зор мақтанышпен желбіреп енгізілді, асқақ та пәрменді «Жас Ұлан» ұйымының Гимні шырқалды. Кеш соңы «Тәуелсіздік тұғырым» атты концерттік бағдарламамен ұласты.

Әрине, балалар үшін ерекше іс-шара – жыл сайын балалардың әлде бір ғажайып болжаммен, тәтті үмітпен асығып күтетін қуанышы-Жаңа жыл мерекесі. 22-28-желтоқсан аралығында 0-10 сыныптарға арналған «Жаңа жыл» мерекесі жоғары деңгейде аталып өтті. Қалалық өнер және спорт сарайында көп балалы және жағдайы төмен отбасы балалары әкімінің шыршасында болып, Аяз атаның қолынан сыйлықтар алып қайтты.

**Тілші:** Маңызды сұхбатыңыз үшін рахмет! Істеріңіз әрқашан сәттілікке толы болсын!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі*

*Жамбыл Жабаевтың туғанына 170 жыл*

# ЖЫР АЛЫБЫ – ЖАМБЫЛЫМ!

Ұлы Отан соғысы жылдарында Ленинград қаласы қошауда қалғанда: «Лениградтық өренім, Мақтанышым сен едің...», – деп басталатын толғау жырын жазып, «Правда» газетінде жарияланған соң, жауынгерлерді рухтандырған, жігерлерін жанып, намысын қайраған Жамбыл ақынның атақ-даңқы тіпті асқақтап кеткен еді. Бұл жыр сол жылдары бүкіл майдан даласына тараған болатын. Жыр алыбы атанған Жамбыл бабамыздың туғанына бүгінгі таңда 170 жыл толып отыр.

Жамбыл Жабаев (1846-1945) – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы. Туған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Топырақ бұйырған жері – Алматы облысының Ұзынағаш елді мекені. Шыққан тегі – Ұлы жүз Шапырашты тайпасының ішіндегі Екей руы. Жамбылдың өсіп-өнген топырағында ән-күй, ақындық–жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. М.Әуезовтың «қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері XIX ғасырдан бергі жерде өзге жерлерде саябырсып, Жетісу, оңтүстік өлкелерінде шоғырлана бастайды» деуінде үлкен тарихи себеп бар. Біріншіден, Қазақстанның өзге өңірлерін ертерек шарпыған отаршылдық ел ішінің дәстүрлі қалпына өктемдігін жүргізіп, шырқын бұзып үлгергенде, Жетісу алабы әзірше қағаберісте еді. Екншіден, бұл өңірдің ертеден тамырын тереңге жайған өнерпаздық дәстүрі шын мәнінде XIX ғасырдан бергі жерде айрықша биік өреге көтеріліп еді. Осы кезеңде Жетісуға сонау Арқадан ұлы Абайдың, Біржан, Шашубай, балуан Шолақ сияқты дауылпаз әнші-ақындардың, Таластан – Жалайыр Түбектің, оңтүстіктен – Майкөт пен Майлықожаның, Атыраудан – Құрманғазының келуі, сөз жоқ, ең алдымен олардың алыстан жаңғырығы жеткен ұлы өнер мектебіне деген ұмтылыстарына байланысты еді. Осындай өнер бесігінде тербеліп өскен Жамбылдың ақындық дарыны жас кезіненақ танылa бастаған.

Ол бозбала шағының өзінде-ақ өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылып үлгерген. Осы кезде өрттей жалындап, жұрт аузына іліккен жас Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның арқалы өнеріне құныға ден қойып, батасын алады. Мұнан әрі жал-құйрығы сүзілген жүйріктей арындап, сол кездегі Айкүміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, Құланаян Құлманбет сияқты ақындықтың жылжыған жорға, жылмиған жүйріктерімен айтысқа түскен Жамбыл ұдайы шоқтығын асырып отырған. Бұлар ғана емес, қырғыздың Балық, Тыныбек, Қалығұл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбек сияқты ақын-жырау, манасшылармен өнер өрелестіріп, қырғыздың көл-көсір поэзиясынан тағылым алады, ақындық өнерін одан әрі шыңдай түседі. Жамбыл енді ақындық суырыпсалмалық өнеріне қоса «Көрғұлы», «Шаһмардан» сияқты жырдастандарды апталап-айлап жырлап, ақындық жыраулық өнерін соны қырымен таныта бастайды. Жамбылдың ақын-жырау ретінде қалыптаса бастаған кезі Ресей отаршылдары – бір жағынан, Қоқан хандығы – екінші жағынан, жергілікті жандайшаптар – үшінші жағынан қазақ халқын әлеуметтік саяси қыспаққа алған шақ еді. Жаны сергек, санасы өрелі Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен, азаматтық жауапкершілікпен бедерлейді. Жамбыл Қазан төңкерісінен кейінгі елдің саяси-әлеуметтік өміріндегі тарихи өзгерістерге үлкен үмітпен ден қояды. Оның «Туған елім» атты толғауы 1936-жылы жарық көріп, онан соң орыс тіліне аударылған нұсқасы «Правда» газетінде жарияланып, қарт ақынның даңқы бүкіл әлемге жайылды. Халқына қадірі артып, даңқы өрлеген Жамбыл, шабыт тұғырына қонған Алатаудың ақ иық қыранындай, жыр нөсерін селдетеді. Оның 1936-1945-жылдар аралығында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлайды. Шағын жыртолғаулар ғана емес, оның қарт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылар қайта жаңғырып ақтарылады. Жамбыл – әрі эпик, әрі айтыс ақыны, абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді. Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл көзінің тірісінде ақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да даңқын дүйім дүниеге паш етті. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі. 1945 жылы 22 маусымда Жамбыл дүние салды.

1946-жылы ақпанда Қазақстан жұртшылығы даңқты ақынның жүз жылдығын салтанатпен атап өтті. Мерейтойына қарай ақынның таң-дамалы шығармаларының академиялық жинағы орыс және қазақ тілінде басылып шықты. Жамбыл Жабаев Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту және



«Құрмет белгісі» ордендерімен наград-талған. Жылдар 1937-жылы бүкіл еліміз Жамбылдың шығармашылық қызметінің жетпіс бес жылдығын аталып өтілді. Бұл күндері халық ақыны дүние жүзінің көптеген озат қайраткерлерінен құттықтау жеделхаттар алды. 1941-жылы Жамбылға мемлекеттік сыйлық берілді. Ұлы Отан соғысы күндерінде Жамбыл өзінің өлеңдерінде КСРО халқын Отанды қорғауға, еңбектегі ерлікке шақырды.

Исі қазақты Жамбыл бабамыздың 170 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз! Баба рухы қазақ жұртшылығын желеп-жебеп жүрсін және оның есімі ұрпақтар жадынан ешқашан шықпақ емес!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі*

*Мектептің 55-жылдығы қарсаңында*

# ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ МАМАНДЫҚ

**Ұстаз болу - жүректің батырлығы,**
**Ұстаз болу-сезімнің ақылдығы,**
**Ұстаз болу-мінездің күн шуағы,**
**Ұстаз болу-адамның асылдығы**

- деген Ғафу Қайырбековтың өлең жолдарын оқығанда, мен өзімді бақытты сезінемін. Ұстаз болғаныма мақтанамын. Өйткені ұстаз - мақтан тұтар мамандық. Адам баласын толғандырып келе жатқан, қоғам өзгерсе де қажеттігін жоймайтын үлкен мәселе - шыр етіп дүниеге келген нәрестені өмір сүруге дайындау. Бұл - қиынның қиыны. Себебі әр адам - қайталанбас тұлға. Оның жан дүниесі - өзінше бір әлем. Ал ұстаз сол әлемді шартарапқа жетелеуші. Ұстаз - бала болмысына өзгеріс енгізуші, бағыт-бағдар беруші, ата-ананың сенімді көмекшісі.

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше мейірімділікті қажет ететін мамандық та - ұстаздық мамандық. Осындай қызығы да, қиындығы мол мамандықты мен де таңдадым. Биік белестерден көрінген шәкірттерім үшін қуана білсем, кей шәкірттерімнің балалық қылығына қынжыла да білдім. Ұстаз болу - оңай іс емес екенін өзімнің де, өзге әріптестерімнің де тәжірибесінен көріп-білім жүрмін. Бұл мамандық үлкен жүректілікті, асқан ақылдылықты, керек жерінде бала болуды да, дана болуды да талап етеді. Ұстаз болу бала кезімнен арманым еді. Мен өз қызмет жолымды "Приозерск қаласының №2 МББК" КММ мектебінен бастадым. Сол уақыттан бастап баламен жұмыс жасаудың үлкен бақыт екенін сезіндім. Сондықтан да әлем сахнасына рухы күшті, дені сау, білімді, өз ұлтын, тілін, тарихын құрметтейтін ұрпақ шығару біздің парызымыз деп білемін.

**А. С. Ауесбаева,**
*№2 МББК" КММ*
*бастауыш сынып мұғалімі*

*К 55-летию школы*

# МОЯ ШКОЛА

Наше учебное заведение я гордо могу назвать своим вторым домом. В нашей школе я учусь с 6 класса и могу сказать, что здесь приятная атмосфера, дружный коллектив и понимающие учителя. Школа-это то место, которое помогает мне формироваться как личности. И именно наша школа помогла мне раскрыться. Это место даёт нам опору, тепло и радость. Школа - это то место, где мы переживаем первые радости побед и пытаемся скрывать горькие слёзы поражений. Школа учит нас ставить перед собой цель и добиваться её.

Моя школа- одна из старейших школ города. И в этом году 15 апреля произойдёт одно из главнейших событий этого года- её исполнится 55 лет! За столько лет работы наша школа смогла завоевать огромный авторитет в области и среди других школ нашего города за счёт хорошего образования, образованных учителей и активных учеников. В школе проходит множество мероприятий – интеллектуальных, спортивных и развлекательных. Именно такие мероприятия делают нас дружнее и сильнее.

Директор школы- Алтынбекова Карлыгаш Сериковна, не только замечательный директор, но и удивительный человек! К нам, учащимся, она относится трепетно, прямо как вторая мама. Она заботится о нас, помогает нам, за что мы её и любим.

Одним из важнейших людей не только в наших жизнях, но и в жизни школы является наш классный руководитель- Искаков Бахытжан Анафияевич. В школе он преподает историю. История является одним из моих любимых предметов, и отчасти это благодаря учителю, который преподаёт этот предмет. Он не просто рассказывает нам темы, а заинтересовывает нас и рассказывает то, чего нету в наших учебниках. Он старается объяснить все так, чтобы мы поняли, как велика история нашего народа. Он часто показывает нам интересные исторические фильмы, благодаря чему, материал усваивается намного быстрее.

В общем, я благодарна школе за то, что в её стенах я учусь, я благодарна нашим педагогам-профессионалам, знающим своё дело. Я люблю нашу школу!

**Уалиева Асель,**
**ученица 9 «А» класса КШДС №2**

# МЕРЕЙЛІ 55 ЖЫЛ!

## мектептің мерей тойына арнау

**Алғаш рет мектеп кілті тасталған,**
**Құралған ед сол кездегі жастардан.**
**Соның бірі Стефания Ризак,**
**Ұстаздық жол осы жерден басталған.**
**С. Алексеевна басшы болды мектепте,**
**Ой болып пе ед Ресейге кетпекке.**
**Алла, Ольга, Наташа, мен Ирина,**
**Жұмыс жасап кетіп еді ептепте.**

**Мерей тойың құтты болсын, мектебім,**
**Менде өзіңнен шәкірттермен көктедім.**
**Қайрат, Қанат, Сауле, Жұлдыз тағы бар,**
**Менде онда бекерге тер төкпедім.**
**Қазір мектеп ұстаздармен толысқан,**
**Ұстаздары қалмаған еш жарыстан.**
**Қарлығаш Серікқызы басшы боп,**
**Мектеп көркі жарасып тұр алыстан.**

**Қазақ тілі қазақ сынып ашылған,**
**Ата-ананың шашулары шашылған.**
**Мәпелеген шәкіртерін мұғалім,**
**Білімдерін бір-бірінен асырған.**
**Ұлы мектеп армандардан асады,**
**Осы жылы «Елу бес жыл» жасады.**

**Шәкіртерің ұша берсін алысқа,**
**Жеңістермен алға қадам басады.**

**Ұстаздар жүр қанша жұмыс атқарған,**
**Білім беру ұран болып жатталған.**
**Тату тәтті ұжым болып мектепте,**
**Бірліктері сол қалыпта сақталған.**
**Білім нұры тас боп сонда қалансын,**
**Біліміңмен ел халыққа жағарсын.**
**Жүзге жетіп асулардан аса бер,**
**Бұл мектептен өмір жолын табарсын.**

**Ұстаз деген балалардың бағбаны,**
**Жақсы мектеп бар баланың талғамы.**
**Әрбір шәкірт маман болып қаланса,**
**Бұл ұстаздың өмір бойғы арманы.**
**Тәуелсіздік мәңгі болсын тұрақты,**
**Сіңірейік білім деген бұлақты.**
**Оқушылар білімді боп саналы,**
**Ел болайық, бай болайық қуатты!**

**М. Сулейменов**

# «БІЗ – БАЛДЫРҒАН БАЛАМЫЗ»

Жуықта «Еркетай» бабабақшасында осындай тақырыпта «Балапан» тобы тәрбиешісінің ұйымдастыруымен қызықты ертеңгілік өткізілді. Аталмыш ертеңгілікке балабақша бүлдіршіндерімен қатар ата-аналар, басқа топ тәрбиешілері және басшылар да қатысты. Жүргізуші етеңгілікті төмендегі өлең шуағымен бастады:

**Балдаурен –балалықтың балғын күні.**
**Балдаурен- қуаныш пен шаттық үні,**
**Балдаурен бақыт кешкен балдырғаның.**
**Жайраңдап қырда ашылған қызыл гүлі.**

«Бала дегеніміз – болашақ» деген екен француз жазушысы Гюго Виктор Мари. Бала періште. Олардың пейілі, ниеттері қандай тұнық болса, көңілдері де сондай мөлдір. Халқымыз бүршік жарған бәйшешектей желкілдеп өсіп келе жатқан қыз баланы елдің көркі санаса, ал, ер баланы елдің қорғаны, тірегі санаған. Балалық шақ адам өміріндегі ұмтылмайтын қызықты да бақытты кезеңі. Олардың жақсы тәрбие мен тәлім алуына әртүрлі ойындармен астасқан қызықты шаралардың ұйымдастырылуының маңызы зор. Ойын ойнай отырып олар тақпақ жаттауға, мәнерлеп оқуға, сахнада өзін ұстауға, көпішік алдында еркін сөйлеп, еркін тұруға жаттығады. Осындай бақытты да, жарқын, балдәурен шақты бастарынан өткізіп жатқан бүлдіршіндер ұйымдастырылған ертеңгілікке жаппай белсене қатысты.

«Балалық шақ» әнінің әуенмен ортаға шыққан топ балақайлары, өздері жаттап келген тақпақтарын тамашагөйлерге ұсына бастады. Тақпақты Алуа бастап, одан әрі Нұрасыл, Інжулер қостай жөнелген еді. Бұдан соң «Құлыншақ» тобының дайындаған «Жаяу» биі тамашаланып, көрермен тарапынан қол шапалақтаған қоштауға ие болды.

Бұдан кейін кезек тағы да тақпаққа беріліп, Қуаныш, Аня, Стас, Мұхамеджан және Нұрдәулеттер жаттаған тақпақтарын мүдірместен, әдемілеп айтып шықты. Өз кезегімен сахнаға шыққан «Сыйқыршы» балалармен сыпайы сәлемдесті: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сиқыршымын. Сендерге қонаққа келдім. Сендер сиқырды жақсы көресіңдер ме? Олай болса мен сендерге әртүрлі сиқырлар көрсетемін. Ал, ойынды жақсы көресіңдер ме? Бүгін біз сендермен ойын да ойнаймыз, - деген сыйқыршымен балалар көңілді ойын өткіз-ді. Ертеңгілік соңында




балалардың сүйіп орындайтын «Каббой» биі көрермен назарына ұсынылды. Балалардың бір күні осылайша көңілді өткен еді.

**М. Е. ҚАБАБАЕВА,**
*«Балапан» тобының тәрбиешісі.*
*Суретте: ертеңгіліктен көрініс*

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ *** ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**"Приозерск қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ "Аппарат Приозерского городского маслихата" 5-49-16**
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно **с 17.00 по 18.00 часов**, кроме выходных
***
**"Приозерск қаласы әкім аппараты" ММ сенім телефоны 5-41-97**
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:
Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ "Аппарат Акима города Приозерск" 5-41-97**
**График приема граждан:**
Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов
***
**"Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ сенім телефоны 5-28-57**
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ "Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск" 5-28-57**
График приема граждан начальником отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48**

**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**
***
**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99**
График приема граждан руководителем отдела- среда с 17.00 до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**
Бөлімнің бастығының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 53218.**
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов

**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.**
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, пятница с 18.00 час.
***
**«Приозерск қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ММ сенім телефоны 5-41-13**

**Телефон доверия РГУ «Приозерское городское управление по защите прав потребителей» 5-41-13**
***
**"Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі" РММ сенім телефоны 5-32-19, 5-24-87**
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден бастап.

**Телефон доверия ГУ "Отдел экономики и финансов города Приозерск" 5-32-19, 5-24-87**
График приема граждан начальником отдела - ежедневно с 17.00 часов.

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының екінші бағыты **«Кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру және тірек ауылдарды кешенді дамыту»** шеңберінде азаматттарға 500000 теңгеден 3000000 теңгеге дейін, қайтарымдылық, мерзімділік, және ақылылық қағидаттарына сәйкес 6% жылдық сыйақы мөлшерімен 5 жылға **шағын несие** беріледі. Приозерск қаласы Жұмыспен қамту орталығының мамандары шағын несие бойынша кеңестер беріп, көмек көрсетуге әзір. Төмендегі мекен – жай бойынша хабарласуларыңызға болады: Балқаш көшесі 5 үй, 114 кабинет; тел: 5-27-88

**Приозерск қаласының Жұмыспен қамту орталығы**

***

В рамках второго направления Программы **«Дорожная карта занятости 2020» «Стимулирование предпринимательской инициативы и комплексное развитие опорных сел»** гражданам предоставляются кредиты на сумму от 500000 тенге до 3000000 тенге, с сроком на 5 лет на принципах возвратности, срочности и платности с 6% годовой ставкой вонаграждения. Специалисты Центра занятости города Приозерск будут рады проконсультировать и оказать помощь по вопросам микро-кредитование и ждут Вас по адресу: ул. Балхашская 5, кабинет 114; тел: 5-27-88.

**Центр занятости города Приозерск**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 71 б. сәйкес «Приозерск қаласының Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі - қаланың коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж адамдардың есебінде тұрған азаматтарының кезектілік тізіміне жыл сайынғы түгендеу жүргізеді.

Тұрғын үйге мұқтаждардың есебінде тұрған азаматтардың құжаттарын жаңартулары қажет.

**Приозерск қаласының Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі**

Согласно ст. 71 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года № 94 «О жилищных отношениях» Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» проводят ежегодную инвентаризацию списков очередности граждан Республики Казахстан, состоящих на учете нуждающихся в жилище из коммунального жилищного фонда.

Гражданам, состоящим на учете нуждающихся в жилье, необходимо обновить документы.

**Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции**


## ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**

**Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81**
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час. Выходной - Понедельник**

**НА МАНИКЮР И ПЕДИКЮР запись по телефону: 8-771-699-32-89**





## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**02 марта с 15.00 до 17.00 в Управлении по защите прав потребителей города Приозерск будет проводиться «День открытых дверей по вопросам защиты прав потребителей»».**

## СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Объявление, опубликованное в газете «Приозерский вестник» за №07/443 от 19 февраля 2016 года о конкурсе на занятие вакантной должности гражданского служащего ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск».

**ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск»**

***

**Свидетельство ИП № 011897,** выданное 07.04.2003 года НУ по городу Приозерск на имя **Бекназар Дины Нуркабыловны,** в связи с утерей.


## НЕДВИЖИМОСТЬ

**Продам**

**Магазин по ул.БСА 30-1. Два торг. зала: 20 кв.м и 10 кв.м. Складское помещение 13 кв.м. Сан.узел, холодная и горячая вода, счетчики. Отопление центральное. Торг уместен. Телефоны: 87054617098**

## УСЛУГИ,

**Ремонт**

**Натяжные потолки, быстро и качественно. Тел. 87026988613 Мади.**



**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ ***№ 08/444*** Тираж: 500 экз., объем- 2п.л., формат - А2, 8 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-702-604-02-60**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru**

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041


*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*